

САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Қазақ әдебиеті (орыс тілінде оқытылатын сыныптарда)
Мұғалім	Кужаниязова Галина
Мектеп, сынып	Қостанай облысы, Қостанай қаласы, № 17 орта мектеп, 7-сынып
Сабақ тақырыбы	Бейімбет Майлин



www.bilimland.kz

Сабақтың мақсаты	Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығымен танысу.	
Сабақтың міндеттері	1) Б.Майлиннің өмірбаяны, «Үш бәйтерек» туралы білу, әңгімелеу; 2) сөйлеу тілін түсініп, шапшаң ой қорыта алуға дағдыларын қалыптастыру; 3) еліміздің ұлттық мерекелерді білу, ардақтау.	
Табыс критерийлері	<i>Барлық оқушылар білуге тиісті:</i> Тақырып бойынша сұрақтар қойып, өз ойын білдіре алады. <i>Оқушылардың көпшілігі:</i> Ақпаратпен жұмыс жасау барысында жұпта, топта, жеке жұмыс жасауда белсенділік танытады. <i>Кейбір оқушылар:</i> Шығармашылықпен жұмыс жасауда қиялының ұшқыр екенін танытады.	
Әдіс-тәсілдер	РАФТ, синквейн әдісі, кім жылдам, сұрақ-жауап, мәнерлеп жатқа оқу, ой қозғау, іздену.	
Сабақтың түрі	жаңа, дәстүрлі емес сабақ.	
Көрнекіліктер	Интерактивті тақта, презентация, оқулық.	
Пәнаралық байланыс	қазақ тілі, тарих.	
Сабақтың барысы		Ресурстар
Ұйымдастыру	Сәлемдесу, түгендеу, оқушылардың және кабинеттің сабаққа дайындығын тексеру.	
Психологиялық кезең	Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын жариялау.	
Өткенді қайталау	1. Қайталау сұрақтар: дұрыс/бұрыс? – Мағжан Жұмабаев әнші. – Мағжан Жұмабаев 1893-1938 жылдары өмір сүрген. – Мағжан Жұмабаев үшін Сүйінбай ұлы ұстаз болған. – М.Жұмабаев білім, өнер, туған жер туралы өлең жазған. – Мағжан Жұмабаевтың өлеңі - «Сүйемін». – «Сүйемін» деген сөздің аудармасы – «Он любит». 2. Бейнефильм. М.Жұмабаев «Сүйемін».	 http://www.bilimland.kz/kk/#lesson=15447
Кім жылдам?		
Іздену		
Мәнерлеп жатқа		

<p>оқу</p> <p>РАФТ әдісі</p>	<p>3. «Сүйемін» өлеңді оқу, сұрақтарды қою:</p> <p>Авторы кім? М.Жұмабаев кімді, нені сүйеді? Сендер кімді, нені сүйесіңдер?</p> <p>4. Тапсырмалар. РАФТ әдісі бойынша өлеңді талдау. Рөл, Аудитория, Форма, Тақырып.</p>	
<p>Сөздік жұмыс есте сақтау</p>	<p>«Үш бәйтерек» – (три тополя) три защитника, опоры.</p> <p>Хас шебер – истинный мастер, зерек – способный, танымал – известный, жетім – сирота, қызмет атқарды – занимал должность.</p>	
<p>Мәтінмен жұмыс іздену</p>	<p>1. «Артық болмас білгенің».</p> <p>«Үш бәйтерек» – Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров. 1) туған жылдары – 1894-1938 2) ақын, жазушы ретінде қазақ әдебиетіне үлкен үлес қосты. 3) қоғам қайраткерлер, нағыз азамат болып Қазақстан тәуелсіздігіне қосқан үлесі де елеулі.</p>	<p>http://itest.kz/ekciya_saken_sejfullin_bejimbet_majlin_iliyas_zhansugirov_shyhar_malary</p>
<p>Ой қозғау</p>	<p>2. Б.Майлин туралы бейнефильм.</p> <p>3. Мәтінмен жұмыс (135-136 бет): 1) мәтінді 3 бөлімге бөліп, оқу, мазмұнын түсіну, 2) сұрақтарға жауап беру:</p> <p>I. Б.Майлиннің өмір жылдары? Б.Майлиннің туған жері? Әкесінен неше жасында жетім қалды? Оның әжесі поэзияны жақсы көрді ме?</p> <p>II. Б.Майлин қандай бала болып өсті? Б.Майлинді кім оқытты? Неге байланысты медресені аяқтамады? Ауылда қандай қызмет атқарды?</p>	<p>http://www.bilimland.kz/kk/#lesson=15398</p> <p>http://itest.kz/ekciya_saken_sejfullin_bejimbet_majlin_iliyas_zhansugirov_shyhar_malary</p>
<p>Тапсырмалар ойландыру,</p> <p>Синквейн</p>	<p>III. Б.Майлин қандай жанрдың шебері? Әңгімелерде қандай өмірді бейнелеген? Б.Майлиннің шығармалары? Бейімбет Майлин кім?</p> <p>4. 5 жолды өлең құру: 1. Бейімбет Майлин, 2. 2 сын есім, 3. 3 етістік, 4. сөйлем, 5- синоним.</p> <p>5. Шығармалардың түрлерін сәйкестендіріп, анықтау: Қобыланды батыр – жыр, Егіннің бастары – мысал,</p>	

	<p>Сүйемін – өлең, Айт күндері – әңгіме.</p> <p>6. Артық болмас білгенің... Айт – мейрам (Ораза айт, Құрбан айт)</p> <p>АЙТ – барлық адамзатты татулық пен бірлікке, сыйластық пен кешірімге шақыратынын мейрам. Рождество мен Құрбан айт мерекелері 2006 жылдан бері демалыс күндері болып жарияланды. – Айт құтты болсын!</p> <p>7. – Айтсын, Жақсылығы бірге болсын!</p>	
<p>Бекіту</p> <p>Әңгімелеу, ой қозғау</p>	<p>1) Кластер бойынша өзара әңгімелеу.</p> <p>2) Сұрақтарға жауап беру:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Бейімбет Майлин қазақ халқы қалай деп атап кеткен? – Бейімбет Майлин кімнің тәрбиесінде өседі? – Ол қандай әдеби жанрдың хас шебері? – Бейімбет Майлин туралы не білесіңдер? – Айт күндері деген әңгімесінде не суреттеледі? – «Айт» әңгімесі не туралы қалай ойлайсыңдар? 	
<p>Үй тапсырмасы</p>	<p>Б.Майлиннің өмірбаяны мен шығармашылығы туралы әңгімелеу, «Айт күндері» 138-142 бет оқу, талдау.</p>	
<p>Сабақтың қорытындысы</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бағалау. 2. Үй тапсырманы түсіндіру. 3. Қоштасу. 	